

АЛҒЫ СӨЗ

Статистика – әлеуметтану және басқа да әлеуметтік ғылымдардың (оның ішінде саясаттану, әлеуметтік жұмыс, мемлекеттік басқару, қылмыстық құқық, қала зерттеулері және геронтология) күнделікті тілі. Әлеуметтік ғылымдардың негізі – зерттеу, сондықтан білім беру, теория және зерттеу жұмыстарын талқылауда статистика оте маңызды. Осы мақсатта зерттеу лексикасын менгеру, деректерді талдау және ғылыми ойлау үшін сауаттылық қажет. Статистиканы менгеру қосбі ғылыми әдебиеттерді түсінуге, дербес сандық зерттеу жүргізуге, дамып келе жатқан әлеуметтік ғылымдарға үлес косуға, сонымен қатар әлеуметтанушы ғалым ретінде өз қабілетінде шындауға мүмкіндік береді.

Статистикадағы жалпы ұғымдарды менгеру (окыту) қажырлы енбекті талап етеді. Негізі, әлеуметтік статистика курстарында оқытын студенттердің математикалық білімі біркелкі емес, карьералық максаттары да сан алуан. Олар статистиканың қажет екеніне күмәнмен қарайды, математикалық есептеулерге де аса мән бермейді. Окулықта осы кейстер ескерілпі, әлеуметтік ғылымдардағы статистикалық талдаудың өзектілігі егжей-тегжей талданады.

Окулық материалдарын менгеру үшін жоғары математикалық білім қажет емес (қарапайым формуланы оқи алу жеткілікті), деректерді талдайтын арнайы құралдар жетерлік. «Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы» әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс бағдарламаларын оқытуға арналған, дегенмен әлеуметтік ғылымдарға негізделген кез келген бағдарламаға қолдануға болады.

Окулық тілі қарапайым, мақсаты – әлеуметтік ғылымдар үшін статистиканың өзектілігі мен құндылығын дәріптеу. Статистиканы әлеуметтік ғылыми зерттеулер түрфысынан интерпретациялау мен ұғынуға баса назар аударылып, жан-жақты талдау мен статистикалық нақтылық негізге алынды. Әлеуметтік статистикаға кіріспеде математикалық амалдар қарапайым деңгейде берілді. Мәселен, окулықта ықтималдық теориясы жеке қарастырылған жоқ.¹ Оның

¹ Окулық сайтынан ықтималдық теориясы туралы мағлұмат алуға болады.

орнына 5 және 6-тарауларда қалыпты кисық пен іріктемелік үлестірімді талдағанда инференциал статистика туралы жалпы мағлұмат тұтастай қамтылды.

Бұл – статистика оңай, оқып-үйрену жөніл деген сөз емес. Дегенмен студенттердің білім алуына кедергі келтіретін абстрактілік дәлелдер, күрделі формулалар мен математикалық теориялар терең талданған жок.

Оқулық мақсаты

Басты мақсат – статистика негіздері бойынша білім жетілдіру. Статистикалық сауатты маман зерттеу процесіндегі статистиканың рөлін түсініп, бағалай алады. Негізгі есептерді шығаруда білікті болып, академиялық ортадан тыс кез келген зерттеулердегі есептерді шығара алады, өз саласы мен басқа да салаларда кәсіби зерттеу әдебиетін оқып, бағалай алады.

Оқулық мақсаты – статистика негіздері бойынша сауат ашу, бұл меже алғашкы басылымнан-ақ мызғымас қағидаға айналды. Дегенмен технология өркендеген дәуірде қарапайым есептеудің киындық туғызбайтынын ескере отырып, оның орнына интерпретация мен компьютерлік бағдарламаларға жүгіну көзделген. Оған бірнеше себеп бар:

- Заманауи технологияның қолмен есептеуді заман көшінен ығыстырығаны анық: тарау сонында ықшам, шағын дереккорлар колданылған, соған қарамастан күрделі тапсырмалар баршылық.
- Тарауда қамтылған статистикалық деректерді өндейтін бағдарламаларды колдану шарттарын көрсететін «SPSS-ті пайдалан» косымшасы әр тарауга енгізілді.
- Тарау сонындағы тапсырмалар – SPSS-ке негізделген жаттыгулар мен зерттеу жобалары.
- SPSS бағдарламасы дереккорын еркін колдану үшін оқулықка бірката жаңа дереккор косылып, Жалпы әлеуметтік сауалнама (GSS) 2012 жылғы деректермен жаңартылды.

Негізгі статистикалық сауаттылықтың үш аспектің оқулықтың косымша ерекшеліктерін талқылауға өзек болмақ.

- 1. Статистиканы дұрыс түсіну.** Статистикалық сауатты адам әлеуметтік зерттеу үшін статистиканың өзектілігін түсінеді, статистикалық тестілерді талдап, интерпретациялай алады. Сондай-ақ нақты мақсат пен деректер жинағына сәйкес қажет статистика таңдай алады. Кіріспе бөлімде осы дағдыларды қалыптастыру жолдары карастырылған.

- *Статистиканың өзектілігі.* 1-тарауда статистиканың әлеуметтік зерттеулердегі рөлі, оның деректерді талдау мен өндөудің және зерттеу сұраптарына жауап берудің тәсілдері ретінде пайдаласы талданады. Оқулықта мысалға алынған тапсырмалардың барлығы нағыз зерттеу сиякты құрастырылған. Алдымен сұрап койылады, әрі қарай оған статистикалық дерек арқылы жауап беріледі. Тиімділікті арттыру үшін тақырып соында «Статистиканы қолдан» косымшаларының әркайсысы зерттеу сұрағына жауап бере алатын арнайы әдістер ұсынады, ал «Статистиканы пайдалан» косымшасы әр тарауды ашып отырады.

Тарау соындағы тапсырмалар әлеуметтік ғылым салаларына карай жіктелді: әлеуметтану – **ӘЛЕУМ**, әлеуметтік жұмыс – **ӘЛЖ**, саясаттану – **САЯС**, қылмыстық сот – **ҚЫЛМ**, мемлекеттік басқару – **МЕМЛ**, геронтология – **ГЕР**. Мұндай жіктеу студенттерге белгілі бір ғылым саласы бойынша статистиканың тиімділігін түсіну үшін кажет. (Сонымен катар пәндердің тақырыптары ортақ екеніне көз жеткізеді).

Сондай-ақ әр тараудағы «Күнделікті өмірдегі статистика» косымшасы статистиканың шынайы өмірдегі өзектілігін көрсете отырып, тұрмыстық мысалдар ұсынады.

- *Статистиканы интерпретациялау.* Студенттер үшін интерпретация жасау, яғни статистиканың нені білдіретінін түсіндіру – құрделі жұмыс. Статистиканы интерпретациялау тынбай енбектену мен тәжірибе арқылы қалыптасады. Статистиканың мәнін бастанғы зерттеу сұраптары түрғысынан түсіндіруде жаттығу мысалдары мұқият қарастырылды. Тәжірибе жинақтау үшін тарау соындағы жаттығулар статистика есептеулерін интерпретациялауды талап етеді. Мысалмен көрсету үшін тақсанды жаттығулардың жауаптары сөзбен немесе санмен берілді.
- *Статистиканы пайдалану.* Зерттеу жобасына қатысты идеялар. Е косымшасында студенттерге деректерді өз бетімен талдау жобалары ұсынылған. Бұл жобаларда деректерді талдау үшін SPSS бағдарламасын колдану талап етіледі. Оларды семестр барысындағы демалыстарда немесе курс соында орындаған жөн. Әрбір жоба студенттерге статистикалық тәжірибе жинақтап, оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ статистиканы ұғыну мен интерпретациялау машинын қалыптастырады.

2. Есептеу қабілеті. Студенттер статистика бойынша бірінші курсты тамамдаған кезде деректерді талдаудың қарапайым үлгілерін есептей алуы керек. Компьютерлер есептеуді женилдетсе де, бұл – статистиканың ажырамас болігі. Сондықтан студенттерге

осындай математикалық тапсырмаларды шешуге комектесетін бірката функциялар косылды.

- Эрбір статистика үшін берілген «Рет-ретімен орында» косымшалары статистикалық деректер мейлінше түсінікті әрі женил оқылуы үшін есептеу процесін белгілі бір тәртіппен боліп карастырады.
- Эр тараудың сонында жаттыгулар топтамасы берілген. Бұл тапсырмаларда есепті жөнілдеду үшін ойдан шығарылған деректер колданылды.
- Студенттерге өз жауаптарын тексеру үшін тақ санды жаттыгулардың жауаптары берілді.
- SPSS бағдарламасы студенттерге компьютердің есептеу күшін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл кейін теренірек талданады.

3. Әлеуметтік ғылымдар бойынша кәсіби әдебиет оқу кабілеті. Статистикалық білімі бар маман басқа авторлардың зерттеуіндегі есептерді түсініп, сыни бағасын бере алады. Бастапқы кезеңдерде бұл күрделірек: біріншіден, кәсіби зерттеушілердің создік қоры оқулықтың тіліне караганда ыкшам. Екіншіден, кәсіби әдебиеттегі статистика бастапқы деңгейде қамтылған статистикадан әлдекайда күрделі. Оқулықта осы алуштықтың алдын алу үшін мынадай тәсіл ұсынылып отыр:

- Эр статистиканың мәнін әрдайым әлеуметтік ғылымдардағы зерттеу сұрағына жауп түрғысынан таркату.
- Студенттерге қынделікті өмірде, сондай-ақ кәсіби әдебиетте кездесуі мүмкін статистиканы оқуға комектесетін «Сыни көзкарас» косымшаларын ұсыну.

Оқулық ерекшеліктері

Оқулыкты студенттерге мәнді, ал оқытушыларға пайдалы етептін ерекшеліктері:

- *Оқулық тілі қарапайым. Нақтылық.* Қарапайым тілмен жазылған мәтін студенттерге түсінікті әрі статистиканың дәстүрлі создік қоры сақталды. Қызық тақырыптар мен күн тәртібіндегі өзекті мәселелер тапсырмалар мен мысалдарға арқау етілген. Студенттер ең күрделі материалды (мысалы, гипотезаны сыйнау) менгеруге қажет терминология мен тұжырымдарды бастамас бүрын, жаттыгулар орындаиды. Эр тарау тақырыптың қорытынды түйіні, негізгі формулалары және маңызды тұжырымдарының глоссариймен аяқталады. Оқулықта жиі колданылатын формулалар мен глоссарий жылдам шолып шығуға арналған.

- *Құрылымы мен ауқымы.* Окулық төрт бөлімнен тұрады, бір айнымалы дескриптив статистика, инференциал статистика және бивариатив ассоциация өлшемі кеңінен қамтылған. Бірінші тарауда дескриптив және инференциал (сипаттаушы және корытынды) статистиканың аражігі ажыратылып, окулық соңына дейін толықтырылады. Оқулықты құрастыру барысында студенттер білуге тиіс негізгі үгымдар, олардың статистикаға кіріспеде (жалғыз курс) оқығысы келетін материалдары, сондай-ақ оқытушылардың міндетті деп тапқан аспектілері де қамтылды. Осылайша оқулық жалпы статистиканы толық қамтыды. Оқытушылар оқыту бағдарламасына енгізгісі келген статистика әр тарауда бірнеше параграфпен берілді.
- *Оқыту мақсаттары.* Оқыту мақсаты әр тараудың бас жағында беріледі. Олар оку-әдістемелік құрал қызметін атқарады, сонымен қатар студенттерге ең маңызды материалға зер салып, көніл бөлуге шакырады.
- *Статистиканы пайдалан.* Эр тараудың басында студенттерге статистиканың тиімділігі бойынша материалды және қосымша мысалдарды бағалау үшін статистика қолданысы көрсетіледі.
- *Математикалық қабілетті шолу.* Осы оқулықта қолданылатын барлық математикалық дағдылар кіріспе бөлімде көрсетілді. Математикалық білімі аз, тіпті тәжірибесі жоқ студенттер курсын басында кіріспені бір шолып, түсінбеген жағдайда актарып қаруына болады. Студенттердің курска дайындық деңгейін тексеру максатында өзін өзі тестілеу енгізілді.
- *Статистикалық әдіс-тәсілдер мен тарау соңындағы жеткізулер тығызы байланысты.* Кез келген әдіс ұсынылғаннан кейін, студенттерге тәжірибе мен кайталау үшін арнайы тапсырма беріледі. Есептің практикалық нұсқаулықтарының аспектілері күрделеніп отырады.
- *Тарау соңындағы жеткізулердың қындық деңгейі артып отырады.* Өзелі, дереккорлары ықшам, карапайым тапсырмалар беріледі. Қебіне тапсырмалармен бірге ашық нұсқаулар мен кеңестер ұсынылған. Тапсырмалар барған сайын қындей түседі, студенттердің күрделі есептерді шешуге жетелейді (мысалы, накты жағдай үшін ең қолайлы статистиканы тандау). Бұл есеп шығару қабілетін дамытады.
- *Компьютерлік бағдарламалар.* Студенттердің компьютерлік бағдарламалығын пайдалануы үшін оқулыққа әлемдегі тік ғылымдардағы озық SPSS бағдарламасы кірістірілді. Көбіне тапсырмалармен бірге ашық нұсқаулар мен қосымшасында SPSS бағдарламасына кіріспе берілген, әлеуметтік бағдарламаның қолдану ерекшеліктері тарауларда талданады. Эр тараудың соңында SPSS-ке негізделген тапсырмалар көмекшілік зерттеу жүргізілді.



жобалары «Зерттеу тапсырмасы» қосымшасында ұсынылып отыр.

- *Шынайы, жаңа мәліметтер.* Оқулықтағы компьютерлік есептерге: 2012 жылғы Жалпы әлеуметтік сауалнаманың қысқартылған нұсқасы, 50 штаттағы санак және қылмыс туралы мәліметтер, 99 елдегі демографиялық мәліметтер қамтылған дерекқор алынды. Бұл деректер студенттерге «шынайы» мәліметтер негізінде статистикалық сауатын ашуға мүмкіндік береді. Г қосымшасында барлық дерекқор сипатталған.

Алғыс

«Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы» оқулығы 30 жыл бойы түрлі сипатта жетілдірілп отырды. Көпшілік бұл жобаға азды-көпті үлес қосты, олардың аты аталмаса да алғыс білдіруге міндеттімін.

Оқулықтың тұтастығы мен сапасы – көп жыл бойы өте мүқият жүргізілген (және көбіне жоғары деңгейдегі сынни) сараптамалардың тікелей нәтижесі. Әріптестерімнің студентке қажет білімді ұсыну қабілеті мен қажеттіліктерін ескеруге деген ықыласына әрдайым бас иемін. Мәтінде қандай да бір кемшіліктер болса, оған мен жауаптымын. Өйткені әріптестерімнің кеңестерін елемеген тұстарым да болды.

Маган статистиканы түсінікті етken Кристофер Ньюпорт университетіндегі оқытушыларға (Сатоши Ито, Ноэль Херцог және Эд Эриксон сияқты профессорларға) және қолдан-қоштаганы үшін барлық әріптесіме (әсіресе Ф. Сэмюэль Бауер, Стефан Бэрд, Чарил Чэмберс, Роберт Дюрел, Маркус Гриффин, Мэй Лан Густафссон, Кай Хейдеман, Рут Кэрнодл, Майл Льюис, Марион Мантон, Эйлин О'Брайен, Леа Пэлле, Эдуардо Перез, Вирджиния Пертл, Андреа Тиммер және Линда Вальдрон сияқты профессорларға) шексіз ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ барлық студентіме шыдамдылығы мен мазмұнды ой-пікірлері үшін алғыс айтамын. Әдеби редактор – марқұм сәр Рональд А. Фишерге, F.R.S. Корольдік қауымдастығы мүшесі Фрэнк Йейтске, F.R.S. Корольдік қауымдастығы мүшесі және «Биологиялық, ауылшаруашылық және медициналық зерттеулер бойынша статистикалық кестелер» (*Statistical Tables for Biological, Agricultural and Medical Research*) оқулығынан (6-басылым, 1974 жыл) В, С және D қосымшаларын кайта басып шығаруға рұқсат бергені үшін Longman Group Ltd. (Лондон) компаниясына ыстық ықыласымды білдіремін.

Корытындылай келе, өз отбасымның қолдауына дән ризамын, осы жұмысымды да отбасыма арнамақпын. Кай жағынан алсан да улгілі, қатары көбейіп келе жатқан үлкен отбасының мүшесі болу

бақытына иемін. Барлығын тізіп шыға алмасам да ага буынға (анам Элис Т. Хейлиге, жаны жәнната болсын), жолдасым Патриция А. Хейлиге, жас буынға (ұлдарым Кевин мен Кристоферге, келіндерім Дженнифер мен Джессикаға, өгей ұлым Кристофер Шрен мен өгей қыздарым Кейт Коуэл, онын жолдасы Мэтке және Дженнифер Шренге), сондай-ақ ең кіші буынға (Бенджамин, Каролина, Изабель Хейли және Абигейл Коуэлге) алғыс айтамын.